ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 4 маусым № 4360-24-00-2/1154 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Нұрбек» атауымен әрекет етуші Нубіл Нұрбек жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Нұрбек» атауымен әрекет етуші Нубіл Нұрбек жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Нұрбек» атауымен әрекет етуші Нубіл Нұрбек жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Нұрбек» атауымен әрекет етуші Нубіл Нұрбек жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 8250 (сегіз мың екі жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы және 2094 (екі мың тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 04.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Жусупов Т. К., 17.07.2024

4360-24-3-1/1227